

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

5 сәуір 2023 жыл

№: AIFC-C/SCC/2022/0025 ic

Талап қоюшы

«DOCUMENTOLOG GLOBAL LIMITED» ЖЕКЕ КОМПАНИЯСЫ

Жауапкер

"ҚОСТАНАЙ МЕТАЛЛ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫ ЗАУЫТЫ" ЖШС-ына

қарсы

БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Судья Чарльз Баннер КС

БҰЙРЫҚ

1. Талап қанағаттандырылды.
2. Жауапкер осы бұйрық шығарылған сәттен бастап 14 күннің ішінде Талап қоюшыға 564 969,65 теңге мөлшеріндегі соманы төлеуі тиіс.

ШЕШІМ

3. Осы талап қою арқылы Талап қоюшы Жауапкерден 2021 жылғы 28 мамырдағы шарт ("**Шарт**") бойынша өзіне тиесілі соманы Талап қоюшының Жауапкерге ақпараттық технологиялар саласында қызметтер көрсеткені үшін өндіріп алуға тырысып отыр.
4. Талап қоюшының мәлімдеуінше, Жауапкер Талап қоюшыға 874 733 теңге төлеу жөніндегі шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған. Талап қоюшы осы соманы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 293-298-баптарына және Шарттың талаптарына сәйкес 40 236,65 теңге мөлшерінде қосымша төлемді өндіріп беруді талап етеді.
5. Шарт бойынша қолданылатын құқық - Қазақстан Республикасының құқығы. Тараптар шарт бойынша кез келген дауларды АХҚО соты шешуіне болады деп келісті.
6. Талап қоюшы 2022 жылғы 23 желтоқсанда сотқа жүгінді. АХҚО сотының 28.12 қағидасына сәйкес ("**Қағидалар**"), Жауапкер Қағидалардың 10-бөлігіне сәйкес мойындау беру және оны табыстау арқылы талапты не 14 күн ішінде мойындауы, не болмаса ұсақ талап бойынша Қарсылық білдіруі, немесе Қағидалардың 6-бөлігіне сәйкес ұсақ даулар сотының юрисдикциясын даулау туралы өтініш беруі тиіс еді. Жауапкер жоғарыда айтылғандардың ешбірін жасамаған.
7. 9 қаңтарда Талап қоюшы Қағидалардың 9-бөлігіне сәйкес сырттай шешім шығару туралы өтініш берді. Алайда, 28.7 қағидаға сәйкес, 9-бөлім ұсақ даулар сотында талқылауға қолданылмайды. Сондықтан Соттың сырттай шешім қабылдау туралы өтінішті қарау үшін юрисдикциясы жоқ.
8. 2023 жылғы 10 ақпанда Жауапкер Сотқа хат жолдап, онда ол 2023 жылғы 18 қаңтарда Талап қоюшыға мәлімделген соманың есебіне 350 000 теңге төлегені туралы хабарлады. Хаттың соңында Жауапкер Соттан "қарыздың бір бөлігін төлегендіктен, талапты толық мойындамауды" сұрады. Сондай-ақ Сотқа төлемді растайтын 2023 жылғы 18 қаңтардағы № 28 төлем тапсырмасы берілді.
9. Талап қоюшы мәлімдеген соманың есебіне 350 000 теңгені Жауапкердің Талап қоюшыға төлегеніне Соттың дәлелдемелер негізінде көзі жетті.
10. Өзінің қалған соманы төлеу бойынша міндетін даулау үшін Жауапкердің барлық мүмкіндіктері болды, бірақ ол мұны істеген жоқ.
11. Сондықтан Сот қойылған талапты қанағаттандырады және Жауапкерді Талап қоюшыға сот бұйрығы шығарылған күннен бастап 14 күннің ішінде 564 969,65 теңге мөлшеріндегі соманы төлеуге міндеттейді.



Сот қабылдады,

Чарльз Баннер КС,
Судья, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшы атынан «Documentolog Global Limited» жеке компаниясының заңгері аян Кабенова ханым өкілдік етті.

Жауапкердің атынан "Қостанай металл конструкциялары зауыты" ЖШС Бас директорының орынбасары Саясат Көпжасаров мырза өкілдік етті.